



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

В Соединенном Королевстве функционируют четыре Церкви, включенные в Сообщество: Церковь Ирландии, Шотландская Епископальная Церковь (TheScottishEpiscopalChurch), Церковь в Уэльсе и Церковь Англии (TheChurchofEngland).

Современные британские исследователи не хотят признавать, что религиозно-политическое противостояние сторон в гражданской войне можно редуцировать к влиянию социально-экономических причин. События гражданской войны нельзя считать неизбежными, но можно утверждать, что в сложившихся обстоятельствах достижение согласия стало очень трудным из-за того, что происходило в сфере религии, политики, идеологии, а также в экономике и общественной жизни. На развязывание гражданской войны повлияли также и некоторые личные качества Карла I: его стремление к достижению абсолютного повиновения со стороны подданных, почти полное отсутствие у него навыков повседневной политической деятельности с необходимым умением достижения компромисса, а также неискренность и нечестность Карла I, которые разрушали доверие к нему. Религиозные пристрастия и наклонности Карла I тоже оказали непосредственное влияние на произошедший в английском обществе раскол. Так что, судя по тому, что против Карла I была начата военно-политическая борьба, сторонники парламента уже не считали короля защитником протестантской религии в стране, в результате чего первоначальные антипапистские настроения сторонников парламента смогли затем трансформироваться даже в антимонархические действия, приведшие к казни Карла I (Conflict 1989: 37—39). Как видно, современная британская историческая наука уделяет большое внимание в объяснении происхождения событий описанию частных, конкретных обстоятельств и деталей. Это характерная черта британского историзма: убеждение, что «дьявол скрывается в деталях».

Литература

1. Elliott J. 1969. Revolution and Continuity in Early Modern Europe // Past & Present 42, 35—56.
2. Elton G. R. 1974. A High Road to Civil War? // Elton G. R. Studies in Tudor and Stuart Politics and Government. 2 vols. Cambridge: Cambridge University Press. Vol. II, 164—182.
3. Fincham K. 1984. The Judges' Decision on Ship Money in February 1637: the Reaction of Kent // Bulletin of the Institute of Historical Research 57, 230—237.
4. Finlayson M. 1983. Historians, Puritanism and the English Revolution. Toronto: University of Toronto Press. Fletcher A. J. 1981. The Outbreak of the English Civil War. London: EdwardArnold.

ӨОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Жанымбек Ербол

Erbol04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Құқықтану мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ибрагимов Ж.И.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі» арнайы Үндеуінде «Алдағы реформа біздің дамуымыздың қисыны мен тұтастай қазіргі заманғы даму қисынына арқа сүйейді делінген. Негізгі мәні – Президент өзінің бірқатар өкілеттігін Парламент пен Үкіметке береді. Күшті президенттік вертикаль бізге мемлекет қалыптастырудағы орасан қиындықтарды еңсеру барысында қажет болды. Қазіргі таңдағы мықты Президент институт мемлекеттің ұстанған бағытын өте жылдам әрі тиімді бағдарлап келді. Әсіресе, біз оның тиімділігін қалыптасу жылдарында, яғни Жоғарғы Кеңестегі реформалардың біртіндеп жылжуынан кейінгі уақытта бағаладық. [1]

Бүгінгі демократия жағдайында белгілі бір даму жолын еңсеріп өткен қоғамда әр алуан әлеуметтік топтар мемлекеттік саясаттың қалыптасуына өзіндік септігін тигізіп, оған белсенді түрде атсалысып, белсенділік танытуда. Ұсынылған реформалар шешім қабылдаудың жылдамдығын біршама азайтқанымен, оларға бұл құқықтарды Парламенттің өкілдігі атынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру үшін келісіп әрекет етушілік кең етек жаяды. Әрбір жаңа реформа, рет – ретімен, біртіндеп жүреді, демек, қоғамдағы әртүрлі ой – пікірлер есепке алынады деген сөз. Ұсынылған реформалар, біздің қоғамда демократиялық еркіндікке жетелейтіні сөзсіз. Алдағы оң өзгерістер саяси партиялардың дамуына жаңа серпіліс әкеледі, өз кезегінде біздің азаматтар арасындағы партиялық бірегейлік күшейеді. Сондай – ақ жергілікті өзін – өзі басқарудың дамуына, әсіресе, оның орталық құрылымдары – жергілікті әкімдермен мәслихаттарға баса назар аударылған. Осы өзгерістерге қарамастан, Президент басқару үрдісін бақылауды одан әрі жалғастырады, билік тармақтары арасында төрелік етеді және елдің тұрақты дамуына кепіл болып қала береді.

Нұрсұлтан Назарбаев президенттік жүйеге қатысты алғашқы ірі өзгерісті 2007 жылдың 21- мамырында жасағанын естеріңізге салуды жөн санадым. Яғни өзгеріс енгізілгеннен кейін Президент былай деді: «Осы Конституция өзгерістер арқылы басқару жүйеміз президенттік республика болып қала береді, ал Парламенттің өкілеттігін барынша кеңейтуге бағытталған жұмысты жүргізуді ұсынамын. Бұл реформалар бізді президенттік – парламенттік басқару моделіне алып келеді. [2]

Президенттік – парламенттік жүйе бұрынғы кеңестік мемлекеттерді зерттеген Шугарт пен Кэри деген ғалымдардың классификациясының өнімі болып табылады. Оған сәйкес парламенттік жүйенің элементтері маңызын жоймай, халық сайлаған президент жүйедегі өз орнын сақтайды. [3; 35 б]

Осылайша, президенттік, жартылай президенттік және парламенттік жүйеге толығымен ұқсамайтын модель қалыптасады. Бұл модельдің артықшылықтары мен кемшіліктеріне келсек, суперпрезиденттік және парламенттік жүйелер арасында орын алады. Екі жүйенің бірінен екіншісіне өткісі келетін елдер жоғарыда аталған модельмен міндетті түрде бетпе – бет келеді. Конституция тұрғысынан алғанда, бұл модельдің парламенттік немесе суперпрезиденттік жүйеге ауысқанын көрсететін үш маңызды сала заң шығару, тарату және өкілеттігін тоқтату болып табылады. Яғни, «Президент заң шығару өкілеттігін өзіне қабылдай ала ма, парламенттің өкілеттігін тоқтата ала ма және министрлер кабинетін тарата ала ма?» деген сияқты сауалдар бар.

Қазақстан Ата Заңының ең үлкен ерекшелігі «күшті Президент, күшті атқару органы» қағидаларына негізделуінде жатыр. Елдегі басқару жүйесінің президенттік сипаты Қазақстан Ата Заңының 2 – бабында белгіленген. Бұған қоса, осы бапта Қазақстанның мемлекеттік жүйесін анықтайтын үш маңызды тұрақты фактор көрсетілген. Оларға президенттік жүйе, унитарлық мемлекет және республика ұғымдары жатады. Конституцияда Мемлекет басшысының президенттік жүйедегі Президент артық өкілеттіктерге ие болғанын көруге болады. Президент Н. Назарбаевтың Ата Заңға түзетулер арқылы өзгертуге талпынған өкілеттік пен жауапкершілік тепе – теңдігінде аталған баптарға кеңінен орын берілген. [4]

«Президент Парламенттің қос қанатының (Сенат-Мәжіліс) төрағаларымен және Премьер – Министрмен келісіп, Парламентті тарата алады.» Парламент Президенттің сұрауымен депутаттардың үштен екі бөлігінің басым дауыс беруімен заң шығару өкілеттігін ең көп дегенде бір жылдық мерзімге қабылдай алады.» Үкімет Президент және Ата Заңда белгіленген жағдайларда Парламент алдында жауапты болады. Президент өкілеттік берген Премьер – Министр Үкіметті құрып, Парламент сенімін алуға тиісті Қауіпсіздік Комитеті, Әділет, Ішкі істер, Қорғаныс және Сыртқы істер министрлерін Президент тікелей тағайындай алады.

Жоғарыда аты аталған өзгерістер жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан өте маңызды табыстарға қол жеткізеді.

Біріншіден, өзгерістер жасалған жағдайда партиялармен Парламенттің тәжірибесі үлкен маңызға ие болып, саяси демократия бірте – бірте халықтың арасына кеңінен жайылады.

Екіншіден, заң шығару, атқару және сот билігі арасында тепе – теңдік жүйесі күшейтілетін болады. Бұл алда болуы ықтимал заңсыздықтардың алдын алуға қазірден де күштірек, рефлекстері дамыған мемлекеттік жүйеге алып келеді.

Үшіншіден, Қазақстанның соңғы кезеңде халықаралық аренада қол жеткізген жоғарғы беделінің бір көрінісі ретінде бағаланады.

Осылайша, кейбір орталарда демократия және заңның үстемдігі тұрғысынан сыналған Қазақстан халықаралық қолдау тапты. Бұған қоса, аталған үрдістің Түркі әлемінде және Еуразия кеңістігінде де ықпалы сезілетін болады. Қазақстанның өз Конституциясын жетілдіру саласында жасаған осы күшті қадамы, тек қазақстандықтарда ғана емес, сонымен қатар Түркі әлемінде және барған сайын кеңейе түскен ортақ кеңістікте жоғары бағаланатын болады.

Ендігі арада қоғамда жүргізілетін кез келген реформа, кез келген өзгерістер болсын, солардың бәрі де елдің бірлігі мен ынтымағын ұйымдастыруды одан әрі тереңдетуді көздегенде ғана табысты болары ешбір күмән – күдік туғызбауы керек. Бұған Елбасының өмірлік ұстанымы, жүргізіп келе жатқан саясаты мен реформалары айқын дәлел. Конституциялық реформалардың жобасын Жалпыхалықтық талқылауға ұсыну жөніндегі Елбасының бұл жолғы шешімі де елдің бүгінгі мен келешегін, Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуын тереңінен ойлағаны деп таныдық. [5;20 б]

Биліктармақтарыарасындағыөкілеттіктібөлуекінегізгібағыттықамтыпотыр. Біріншісі - Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға беру. Ендеше, атқарушы биліктің мемлекеттің экономикалық дамуындағы жауапкершілігі, елдің әлеуметтік ахуалын жақсартудағы міндеті де артады деген сөз. Бұл ретте атқарушы билікке мемлекеттік бағдарламаларды бекіту құзыры беріледі. Осылайша, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына Үкімет толықтай жауапкершілік алатын болады. Екінші - билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты конституциялық деңгейде теңгерімді ету. Бұл ретте Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлін күшейту көзделеді. Әлбетте, екі міндеттің екеуі де маңызды. Соның ішінде Парламенттің құзыретін кеңейтіп, оның рөлін күшейту мәселесі де біраздан сөз болып отырған дүние еді десек артық айтпаған болар еді. Ал биліктің заң шығарушы тармағы бойынша күтілетін өзгерістер нені білдіреді? Осыған тоқталсақ, Президент үндеуінде парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия Үкімет құрамын жасақтауға шешімді түрде әсер ете алатыны айтылды. «Үкімет құруда Парламент рөлін, министрлердің депутаттар алдындағы жауапкершілігін күшейту аса маңызды. Парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия Үкімет құрамын жасақтауда шешімді түрде әсер ете алады. Осыған байланысты, енді Үкіметті бұрынғыдай Президент алдында емес, Парламент алдында босату заңды болады. Парламент палаталары тарапынан Үкімет мүшелеріне сенімсіздік таныту тәртібін жеңілдету қажет. Бұл заң шығарушы биліктің атқарушы биліктің үстінен бақылауын күшейтеді», - деді Мемлекет басшысы. Елбасының айтып өткеніндей, бұл қадам биліктің барлық тармақтарының жұмысын тиімді әрі жауапты етіп, олардың арасында тиісті теңгермелік жасайтын болады. Айта кетерлігі, атқарушы биліктің тізгінін ұстайтын Үкімет басшысын тағайындаудың қолданыстағы тәртібі жалпылама сақталады. Мәселен, Конституцияның 44-бабының 3-тармақшасына сәйкес Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен кеңескеннен кейін жалпы келісімін алу үшін Мәжілістің қарауына Премьер-Министрдің кандидатурасын енгізеді. Осылайша, Президент Парламент Мәжілісінің келісімімен Премьер-Министрді қызметке тағайындайды. Тоқтала кететін жайт, кейбір мемлекеттердің саяси жүйесінде Премьер-Министрді Парламент Мәжілісі ұсынып жатады. Яни, Парламент Мәжілісі Премьер-Министрді ұсынып, оны Президент бекітеді. Ал Қазақстанда бұл жағы жоғарыда айтқанымыздай басқашалау. Дегенмен, көптеген елдерде, тіпті парламенттік билік басқаратын мемлекеттердің өзінде Премьер-министрді ұсыну және тағайындау Президенттің құзыретінде.

Жаңареформалықұсыныстарға келсек, Үкіметтің құрамын және оның құрылымын жасақтауда Парламенттің рөлі артады. Бұл үшін жаңадан тағайындалған Премьер-Министр енді жасақталатын Үкіметтің құрамы мен оның мүшелері туралы кандидатуралар бойынша алдымен Мәжіліспен консультация өткізеді.

Депутаттық корпуспен консультациялардан кейін ғана Мемлекет басшысына Үкіметтің құрамын жасақтау туралы ұсыныс жасайды. Бұндай тәртіп Үкімет мүшелерін қызметінен босату бойынша да сақталады. Бұл ретте тікелей Президенттің өзі тағайындайтын Сыртқы істер және Қорғаныс министрлерінен бөлек, басқа министрлер Мәжілістің мақұлдауынан өту керек деген сөз. Тағы бір жаңалық - бүгінгі күні қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жаңадан Президент сайланғанда ел Үкіметінің өкілеттігі доғарады. Ал ұсынылған жоба бойынша Үкіметтің отставкасы енді жаңа сайланған Президент емес жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында жүзеге асады. Осылайша, жаңа іске кіріскен Парламент Мәжілісі атқарушы биліктің жаңа құрамын жасақтауға да атсалысады деген сөз. Тоқтала кететін тағы бір бағыт - Үкіметтің заң шығарушы билік алдындағы есептілігі һәм бақылауында болу тетігін жетілдіру. Жаңа реформаға сәйкес, Министрлер Кабинтінің басшысы Үкіметтің қызметінің негізгі бағыттары, маңызды шешімдер туралы бұрынғыдай тек Президентке ғана емес, Мәжіліске де баяндап отырады. Ал парламент палаталарына Үкімет мүшесінің есебін тыңдау нәтижесі бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен заңдарды орындамаған жағдайда министрді қызметінен босату туралы Президентке өтініш қабылдау құқығы беріледі. [2] Осындай жағдайда Мемлекет басшысы Үкімет мүшесін қызметінен босататын болады. Сонымен қоса, Президенттің бірқатар заң шығарушылық өкілеттіктері алынып тасталуы мүмкін. Мәселен, соның ішінде Президенттен заң шығаруға бастама жасау құқығы сақтала отырып, заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу туралы Үкіметке тапсырма беру өкілеттігі алынады. Мемлекет басшысының айрықша маңызды мәселелер бойынша Үкіметтің отырыстарына төрағалық ету құқығы сақталады, бірақ «қажет болған жағдайда» деген сілтемемен негізделеді. Түйіндей келгенде, Президент үшін жаңа жағдайда стратегиялық функциялар, билік тармақтары арасындағы қатынастардағы жоғары төреші рөлі, сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік, еліміздің қорғаныс қабілеті басымдыққа айналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы
2. Қазақстан Республикасы президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуі
3. МэттьюСобергШугартиДжонМ. Кэри «Президентские системы» Presidents and Assemblies: Constitutional Design and Electoral Dynamics by Matthew Soberg Shugart and John M. Carey. Copyright © 1992 by Cambridge University Press)
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
5. С.Сартаев “Біз конституциялық кеңістікте өмір сүреміз”- Алматы: Алматы: Дәуір, 2010.-

ӨОЖ 340

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Жармаханбетова Балжан

balzhan_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің
Құқықтану мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Ж.И. Ибрагимов

Алаш партиясы қазіргі замандағы тәуелсіз еліміздің мемлекет болып қалыптасуында зор маңызы бар. Ұйықтап жатқан елімізді оятуға және де тәуелсіздігімізді алудағы бастауы болып табылады. Патша өкіметінің отарлық езгісінен құтқарудағы алға қойылған саясат, еліміздің ең алғашқы құрылған ұлттық-демократиялық, саяси партиясы болып табылады.